

## 11-сынып 1-тур

### 1. Оқылым. Мәтінді оқыңыз, мәтіннен кейін берілген тапсырмаларды орындаңыз.

Ұлттық бренд – ұлттың ерекшелігі, қайталанбас дүние, өткеннің өміршендігі, жаһандану заманында жаңғырудың өзегі. Кез келген елдің ұлттық бренді сол мемлекеттің танылуына, туризмнің артуына, сол арқылы ішкі экономикасының дамуына ықпал етеді. Қазақстан туризмін дамытудың бір жолы – ұлттық дүниелерді таныту. Ішкі нарыққа әрі шетелге шығарылатын заттардың ішінде ұлттық брендке деген сұраныс бар. Қолөнершілер, шеберлер ұлттық нақышта, ұлттық бояуы сіңген дүниелерді нарыққа бейімдеп, бизнес көзіне айналдырып, табыс тауып келеді. Республиканың әр өңірінде ұлттық киім тігумен айналысатын шеберханалар да жұмысты бизнестің негіздеріне сай бастағаны даусыз. Ұлттық бұйым дегенде 2000 жылы құрылған «Әдемі-ай» компаниясы ойға оралады. Қазақ халқының көне мұраларын қайта жаңғыртып, заманауи әдіспен жаңартып, ел назарына ұсынып келеді. Бұл компанияның өнімдері еш жерде қайталанбайды. Қазақ халқы ертеден тері илеп, былғарыдан тұрмысқа қажетті заттарды дайындаумен айналысқан. Бүгінде ұлттық нақышта, ою басылған белдік, әмиян, сөмке, телефондардың қаптарын табу оңай. Осындай бұйымдарды дайындаумен айналысушылардың бірі – «Mukajan» компаниясы. Әлеуметтік желілер арқылы жарнамалаудың тәсілдерін қолдана отырып, тұтынушылардың қызығушылығы мен сұранысын арттырып келе жатқаны да белгілі. Бүгінде кәсіпкерлікке бет бұрған өзге саланың мамандары қаншама?! Олардың қатарында өнер адамдары да баршылық. Солардың бірі әнші, продюсер Қыдырәлі Болманов нарыққа ұлттық ойыншық ұсынып, қазақша сөйлейтін, қазақ тілінде ән айтатын, күй тартатын таптырмас дүниелерді жасауды қолға алған. «Бал-бала» бренді арқылы қазақ отбасылары Алдар Көсе, Тазша бала, Ер Төстік ойыншықтарымен және ұлттық киім киген қуыршақтармен қауышты.

Ұлттық бренд дегенде ұлттық тағам ойға оралмай қоймайды. Бүгінде түрлі фаст-фудтармен қатар ұлттық тағамға деген сұраныс көбейген. Ал қымыз, шұбатты арнайы бөтелкелерге құйып, ұзақ уақыт сақталатындай етіп шығарып, дүкен сөрелерінен табылатындай маркетингтің тәсілімен ұлттық бизнесті дамытуды қолға алғандардың бірі – «Сарыжайлау» корпорациясы. Бие сүтін зауытта шайқап, арнайы бөтелкелерге құйып, ұлттық дүниені заманына қарай түрлендіре отырып, отандастарға да, шетелдік қонақтарға да дәмді әрі пайдалы сусын ұсынып келеді. Өз еліміздің жауһарын пайдалана отырып, сырттан келген туристерге де ұсына білсек, танымалдылықтың арқасында сапалы дүниенің табысы мен пайдасы артатыны анық. (Г.Жарқынбекқызы)

### Оқылым тапсырмалары

1. Берілген сұрақтарды мәтін мазмұнына сәйкес ретпен (бірізділікпен) орналастырыңыз.
  - А) Сапалы дүниенің табысы қалай артады?
  - Ә) Қай компанияның өнімдері ерекше?
  - Б) Қазақ халқы қандай кәсіппен айналысқан?
  - В) Тұтынушылардың қызығушылығын қалай аттырады?
2. Мәтінде берілген мәліметті қайда қолдануға болады?
3. Мәтінге қатысты қосымша ақпарат келтіріңіз.
4. Мәтінге тақырып қойыңыз.

**Оқылым тапсырмаларына 30 минут уақыт беріледі.**

## **2. Жазылым. Берілген тақырыптардың бірін таңдап, эссе жазыңыз.**

Білімнің алтын ғасыры

"Ұлы даланың жеті қыры" - тарих пен болашақтың алтын көпірі

Жемқорлықсыз қоғам

Адамзат құндылықтарға мұқтаж ба?

Жаһандану және "Рухани жаңғыру"

**Эссе жазуға 50 минут уақыт беріледі. Жұмыс көлемі –1-1,5 бет.**

**Эссеге қойылатын талаптар:**

- Эссе құрылымының сақталуы
- Оқушының жеке көзқарасын білдіруі
- Тақырыпты өмірмен байланыстыруы
- Ұсынылған тезистердің нақты дәлелдемелермен дәйектелуі (аргументтер)
- Тақырып бойынша ой жүйесі; мағыналық тұтастық
- Сауаттылық (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталынуы).